ЖАҢА ӨМІР

БЕЙСЕНБІ
№32 (10716)
20 тамыз 2026 жыл

ГАЗЕТ 1941 ЖЫЛДЫҢ 27 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

МЕРЕЙ

ҚАЛАМГЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛЕСІ

ШАЙЫР АУЫЛЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНЕ ТАНЫМАЛ ҚАЛАМГЕР, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛТЫН ҚАЛАМ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ, БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ, САТИРИК, АҚЫН, САЗГЕР ЕРЕКЕН ҚОРАБАЕВТЫҢ 70 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ.



Туған жер мен тағдыр тоғысқан тағылымды шарада қаламгердің әдебиет пен өнердегі шығармашылық жолы кеңінен дәріптеліп, оның елге, жерге деген сүйіспеншілігі ән мен жырға арқау болды.

Ерекен Қорабаев үшін Шайырдың орны ерекше. Балалық шағы мен жастық дәурені осы өңірмен байланысты қаламгер туған жер тақырыбын шығармашылығына тұрақты арқау етіп келеді. Ақынның «Шайырым менің, Шайырым» деп басталатын жыр жолдарынан туған ауылға деген сағынышы анық аңғарылады.

Сонымен қатар мерейтойлық кеште қаламгердің сазгерлік қырына да ерекше мән берілді. Оның «Арман ару», «Қаратау бойында», «Даланың желі», «Таң», «Нарлы мекен», «Шайырыма қайтармын» секілді әндері орындалып, көрерменге ұсынылды. Халықтық «Шайыр» вокалды ансамблі де кештің көркін қыздырып, автор шығармаларын орындады.

Шара аудан әкімінің орынбасары Асқар Аққұловтың мерейтой иесін 70 жасымен құттықтауымен басталды. Кеш барысында Е.Қорабаевтың поэзиялық туындылары да оқылды. Туған жер, анаға деген құрмет, қазақ әйелінің болмысы, елге деген сағыныш секілді тақырыптарды қамтыған өлеңдер ақын шығармашылығының сан қырын танытты.

Қаламгердің шығармашылығына арналған кеште оның әдеби мұрасына да кеңінен тоқталды. «Маңғыстау әзілдері», балаларға арналған «Есі бар тентек», «Қара күшік», «Жаулыбай пошташы немесе ән дауылы соққан кеш» секілді туындылары аталып, қаламгердің балалар әдебиеті, сатира, поэзия және музыка салаларындағы еңбегі сөз болды.

Мерейтойлық шараның маңызды бөлігінің бірі Ерекен Қорабаевтың «Маңғыстау сенің далаң-ай!» атты әндер жинағы, «Маңғыстау әзілдері» және «Желқайық» атты жаңа кітаптарының тұсау кесері болды.

Сахна төріне шақырылған мерейтой иесінің жаңа жинақтарының тұсауын Тұрар Сарыбаев, Аманғали Сатаев және Нұрғазар Бинаев кесіп, қаламгерге ақ тілектерін білдірді.

Шығармашылық кеште ақынның әдеби ортадағы орны мен еңбегі де атап өтілді. Қаламгердің Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлымен, күйші Сержан Шәкіратпен, мемлекеттік сыйлық иегері Светқали Нұржанмен шығармашылық байланысы мен кездесулері де көпшілік назарына ұсынылды.



Ерекен Қорабаевтың қаламынан туған «Қаратау бойында», «Қарағия өңірі», «Жыңғылды ауыл», «Төржайлау – Бейнеу», «Ұзынарал-Түпқараған» сынды әндері ел арасында орындалып келеді.

Шайыр ауылының 100 жылдығы мен Ерекен Қорабаевтың 70 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған «Қаратаудың бойында» облыстық жазба ақындар мүшәйрасы да кеш барысында қорытындыланды. Жыр додасына 10 ақын қатысып, шығармаларын ортаға салды.

Мүшәйраның негізгі мақсаты – туған жердің тарихын, табиғатын, елдің рухын жыр арқылы дәріптеу, ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету.

Жыр додасының қорытындысын төрт адамнан құралған қазылар алқасы шығарды. Қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар төмендегідей бөлінді. Бас жүлдеге Алшын Суемов лайық деп танылса, I орынға Жанарыс Әскербаев ие болды, ал II орынды Мейрамбек Ордабеков пен Жантілек Дүйсенбаев иеленіп, III орынды Әскербай Мыңжасар мен Дәулеткерей Көпжасаров өзара бөлісті. Сонымен қатар Айболат Наубетов, Бекзат Хожаметов, Нағима Нұрдәулетова және Ақерке Жұмахан Алғыс хатпен марапатталып, сайысқа қатысушыларға ақшалай жүлде қоры табысталды.

Мүшәйраның қорытындысы жас қаламгерлердің шығармашылығына қолдау көрсетіп, туған жер тақырыбының әдебиеттегі маңызын тағы бір мәрте айқындады.

Шайырдың ғасырлық тарихы мен Ерекен Қорабаевтың 70 жылдық мерейтойы тоғысқан шығармашылық кеште әдебиет пен өнер қатар өрілді. Туған ауылын жырға қосқан ақынның шығармашылығы арқылы Шайырдың тарихы, Маңғыстаудың табиғаты мен елдің рухы кеңінен көрініс тапты.

Мерейтойлық шара туған жерден түлеген азаматты ұлықтаған, әдебиет пен өнерді дәріптеген, кейінгі буынға өнеге болар тағылымды кездесу ретінде есте қалды.

М.ЖЕБЕҚЫЗЫ.



ТАҒАЙЫНДАУ



Жалпы конкурс нәтижесі бойынша Қуандық Баймұханов Маңғыстау ауданы әкімінің аппаратының басшысы қызметіне тағайындалды. Қуандық Баймұханов 1994 жылы дүниеге келді. 2016 жылы Маңғыстау гуманитарлық-техникалық университетін «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2015 жылы Ақтау қалалық жастар орталығында бастап, «Жастар кәсіпкерлігін қолдау және жұмыспен қамту» бөлімінің маманы қызметін атқарды. Кейін аталған мекеменің «Зерттеу және болжау» бөлімінің жетекшісі болып жұмыс істеді. 2017–2022 жылдары Ақтау қалалық ішкі саясат бөлімі, кейін Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінде бас маман қызметтерін атқарды. 2022–2023 жылдары Маңғыстау облысының дін істері басқармасында діни бірлестіктермен байланыс және діни экстремизмге қарсы насихат жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бас маманы болды. 2023 – 2025 жылдары Маңғыстау облысы әкімінің аппаратында инспекторлық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас инспекторы, аумақтық даму және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас инспекторы қызметтерін атқарды. 2025 жылдың қыркүйек айынан осы күнге дейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде ұйымдастыру және бақылау жөніндегі менеджері болды.

БІЛІМ

215 ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

БИЫЛ АУДАН МЕКТЕПТЕРІН ТӘМАМДАҒАН 215 ТҮЛЕК МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ ГРАНТЫНА ИЕ БОЛДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ Е.АЙШУАҚҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 21, №7 МЕКТЕПТЕН – 22, №1 МЕКТЕПТЕН – 20, ЖАРМЫШ МЕКТЕБІНЕН – 17, Т.ЖАЛҒАСБАЙҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 17, Ә.ЖАНГЕЛДИН МЕКТЕБІНЕН – 16, М.АТЫМОВ МЕКТЕБІНЕН – 16, Н.ЖҰБАЕВ МЕКТЕБІНЕН – 14, ШЕТПЕ ЛИЦЕЙІНЕН – 13, А.МЕҢДАЛЫҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 12, Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 10, ҚАРАТӨБЕ МЕКТЕБІНЕН – 8, ӨТЕС МЕКТЕБІНЕН – 8, С.ЖАНҒАБЫЛОВ МЕКТЕБІНЕН – 8, А.ӨТЕПБЕРГЕНОВ МЕКТЕБІНЕН – 6, ТОБАНИЯЗ МЕКТЕБІНЕН – 4 ЖӘНЕ Б.ЖҰМАЛИЕВ МЕКТЕБІНЕН – 3 ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ. БҰЛ – ЖАС ТҮЛЕКТЕРДІҢ АЛАҢСЫЗ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУЫНА ЖОЛ АШАТЫН МАҢЫЗДЫ МҮМКІНДІК.



Грант иегерлері енді таңдаған мамандықтары бойынша білім алып, болашақ кәсібіне алғашқы қадам жасамақ.

Жастардың жоғары оқу орындарына түсу көрсеткішінің өзі олардың мектеп қабырғасында алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Бұл ретте түлектердің жетістігіне ұстаздар мен ата-аналардың еңбегі де үлкен үлес қосып отыр.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылына дайындық аясында бірқатар білім беру нысандарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Нұн Жұбаев атындағы мектепте және Ақшымырау ауылындағы Тобанияз жалпы білім беретін мектебінде жөндеу жұмыстары қолға алынған. Білім беру нысандарын жаңарту арқылы мектептердің оқу процесіне дайындығын күшейту көзделіп отыр. Жөндеу барысында ғимараттардың жағдайын жақсартуға және оқушылар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға мән берілуде.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Айжақсы Жылқыбайқызы жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының барысына тоқталып, білім беру ұйымдарындағы жөндеу және жаңарту жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын сөз етті.

Жаңа оқу жылында әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар да назардан тыс қалмайды. Белгіленген санаттарға жататын отбасылардың балаларына мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдарын алуға көмек көрсетіледі. Мұндай қолдау шаралары баланың жаңа оқу жылын қажетті құралдармен бастап, сабаққа толыққанды қатысуына мүмкіндік береді. Әлеуметтік көмек белгіленген талаптар мен санаттарға сәйкес көрсетіледі.

Білім саласындағы атқарылып жатқан жұмыстардың әрқайсысы бір мақсатқа – баланың сапалы білім алуына бағытталған. Бір жағынан, 215 түлекке мемлекеттік грант арқылы жоғары білім алуға жол ашылса, екінші жағынан, мектептерді жаңарту және әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары білім алушылардың бүгінгі жағдайына бағытталған.

Иә, жаңа оқу жылына да санаулы күндер қалды. Аудандағы білім беру ұйымдарында оқу жылына дайындық жұмыстары қарқынды. Бұл ретте мектептердің материалдық базасын жаңарту, білім алушыларға қажетті жағдай жасау және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету бағыттарына басымдық беріліп отыр.

М.ЕРҒАЛИ.

ӨЗЕКТІ



ДИПЛОМ БАР, ЖҰМЫС ҚАЙДА?

ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ АЛУ – МАМАНДЫҚ ИГЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ БАСПАЛДАҒЫ. АЛАЙДА ДИПЛОМ АЛҒАННАН КЕЙІН ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ӘР ЖАС ҮШІН БІРДЕЙ ОҢАЙ БОЛА БЕРМЕЙДІ. ӘСІРЕСЕ АУЫЛДАРДА БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ МЕН ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ТАҢДАУЫ АРАСЫНДА АЛШАҚТЫҚ КЕЗДЕСЕДІ.

Аудандағы статистика да бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді. Қазіргі таңда аудан бойынша 1687 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Оның 843-і – 16-35 жас аралығындағы жастар.

Аудандық мансап орталығының директоры Жанар Жайлаубайқызының айтуынша, жұмыссыз ретінде тіркелген жастардың басым бөлігінің кәсіптік-техникалық немесе жоғары білімі бар.

– Жастарды жұмыспен қамтудағы негізгі мәселелердің бірі – ауылдық елді мекендерде тұрақты жұмыс орындарының аз болуы. Сонымен қатар жастардың мұнай-газ саласына жұмысқа орналасуға деген ниеті жоғары. Кейбір жастардың өз мамандығына сәйкес жұмыс жасауға қызығушылығы да төмен, – дейді Жанар Жайлаубайқызы.

Бүгінде ауданда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, мемлекеттік және коммуналдық қызмет салаларында мамандарға сұраныс бар. Ал жастардың мұнай-газ саласына қызығушылығы жоғары. Осыдан еңбек нарығындағы нақты қажеттілік пен жұмыс іздеушілердің қалауы әрдайым сәйкес келе бермейтінін аңғаруға болады.

Жастарды еңбекке тарту бағытында аудандық мансап орталығы бірнеше бағдарламаны жүзеге асырып келеді. Жыл басынан бері 306 жас жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 60 жас тұрақты жұмысқа орналасса, 246 жас субсидияланатын жұмыс орындарына жолданған.

Жас мамандар үшін алғашқы еңбек тәжірибесін қалыптастыруға «Жастар практикасы» бағдарламасы мүмкіндік береді. Биыл оның аясында 110 жұмыс орнын құру жоспарланған. Бағдарлама оқу орнын жаңа аяқтаған жастарға өз мамандығы бойынша еңбек өтілін жинауға жол ашады. Алған мамандығы бойынша жұмыс таба алмаған жастар үшін кәсіптік оқыту арқылы басқа бағытты меңгеруге мүмкіндік қарастырылған.

Қазір 14 жас кәсіптік оқыту бағдарламасына қатысып жатыр. Бұл – еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіпті игеруге мүмкіндік беретін бағыт. Жұмыссыз жастардың кәсіп бастауына да қолдау көрсетілуде. Биыл 5 жасқа бизнес-жобаларын іске асыру үшін жалпы 1 730 000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант берілді. Алдағы уақытта жобаның екінші кезеңін өткізу жоспарланған.

Жастарды жұмыспен қамту мәселесі тек диплом алғаннан кейін шешілмейді. Оның негізі мамандық таңдаудан басталады. Сондықтан талапкер үшін оқу орнына түсу кезінде мамандықтың беделімен қатар, еңбек нарығындағы сұранысын да ескерген маңызды. Ал диплом алған жас үшін алғашқы жұмыс орны, тәжірибе жинау және кәсіби дағды қалыптастыру – еңбек жолындағы маңызды кезең.

Ауданда жастарға тұрақты жұмысқа орналасудан бөлек, тәжірибе жинауға, жаңа кәсіп меңгеруге және жеке ісін бастауға мүмкіндік беретін тетіктер ұсынылып отыр.

Диплом мамандықты растайтын құжат. Ал оны нақты кәсіпке айналдыру үшін еңбек тәжірибесі мен сұранысқа сай дағды қажет.

М.ЖЕБЕҚЫЗЫ.

АДАЛДЫҚ – АРЫҢ!

ПАТРИОТИЗМ – АДАЛ ҚОҒАМНЫҢ КЕПІЛІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН, МЕМЛЕКЕТ ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНА ЗИЯН ТИГІЗЕТІН АНЫҚ. ОНЫМЕН КҮРЕСУ ТЕК ЗАҢДАРДЫ КҮШЕЙТУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ. СОНДЫҚТАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адалдықты, әділдікті, жауапкершілікті және заңға құрметпен қарауды білдіреді. Мұндай құндылықтар отбасында, білім беру ұйымдарында және еңбек ұжымдарында тәрбиеленеді. Әрбір азамат өз құқығы мен міндетін біліп, заң талаптарын сақтаған жағдайда ғана қоғамда әділдік орнайтыны белгілі.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Бұл ретте патриотизмнің орны ерекше.

Патриотизм – туған жерге, елге деген сүйіспеншілік қана емес, сонымен қатар заңды құрметтеу, адал еңбек ету және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну. Өз елін шын сүйетін азамат мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін кез келген әрекетке қарсы тұрады.

Нағыз патриот өз елінің тағдырына бейжай қарамайды, мемлекет мүддесін қорғап, қоғамның дамуына үлес қосады. Ол адал еңбек етіп, қоғамдық тәртіпті сақтау керек. Елін сүйетін азамат заң талаптарын сақтап, жемқорлыққа қарсы тұруды өзінің азаматтық борышы деп біледі.

Жас буынның бойына отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты дамытуға болады. Адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстанатын ұрпақ қана еліміздің жарқын болашағын қалыптастырады. Бұл- шындық!

«Бірлік түбі – тірлік» деп ата – бабаларымыз бекер айтпасы керек. «Отан – отбасынан басталады!» Отбасы мықты болу үшін ең бастысы отбасы мүшелерінің бірлігінің рөлі маңызды екендігі айтпаса да түсінікті. Егер отбасында әке-шеше, аға-іні, апа-сіңілілер арасында бірлік, татулық болмаса, ол отбасында бақыт, қадір-қасиет, байлық болуы екі талай! Бұл өмірге келген соң, оның ішінде қазақ болып дүние есігін ашқан соң біз тек отбасына емес қоғам, ұрпақ үшін тәлім – тәрбиеге, салт – дәстүрімізді сақтауға міндеттіміз! Себебі, қазақ халқы осындай қасиеттерімен ерекше!

Болашақ жастардың қолында Жастарымызға, келер ұрпаққа салт – дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді, қазақилығымызды көзінің қарашығындай сақтауға үйретейік.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту – әр азаматтың міндеті. Адал қоғам құру жолында патриоттық рухты нығайтып, заңға құрметпен қарап, жемқорлыққа қарсы бірлесе күресуіміз қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, ол – бүкіл қоғамның ортақ ісі.

Әділетті қоғам құру жолында әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтауы қажет. Сонда ғана біз сыбайлас жемқорлықсыз, дамыған әрі қуатты мемлекетті бірге қалыптастыра аламыз.

«Тәртіпке бағынған – құл болмайды» үйдегі, тұздағы тәртіптің маңыздылығы өте зор. Өткен замандағы асыл әжелеріміз сияқты менің, сенің балаң демей, қазіргі аналар қазақтың барша балаларын бауырларына басып, тәрбие беруден жалықпаса екен деп тілеймін.

«Айналайын» дейтін ата-әжелеріміз, «Батырым» дейтін әкелеріміз, «Құлыным» дейтін аналарымыз, «мен сенің жалғасыңмын, барым сенсің Қазақстаным» дейтін балалырмыз аман болғай.

Біздің күшіміз бірлікте! Бірлікті ту етсек, елімізге алынбас қамал жоқ! Қандай жағдай болмасын еліміз, жеріміз, Отанмыз үшін біз біргеміз!

А.ШАМШАДИНОВА
«Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМҒА ТЕК ЗИЯНЫН ТИГІЗІП ҚОЙМАЙ, СОНЫМЕН БІРГЕ ОҢ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗБЕЙТІНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАУЫМЫЗ КЕРЕК. ӨЙТКЕНІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТА ТЕК ПАРАНЫ КӨБІРЕК БЕРУШІ ҒАНА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ. БІР ҚОРҚЫНЫШТЫСЫ - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСУ СОЛ ТҰЛҒА МЕН ОНЫҢ ЖАҚЫНДАРЫНЫҢ САНА-СЕЗІМІНЕ ЗАЛАЛ КЕЛТІРІП, ДҮНИЕТАНЫМДАРЫН БҰЗАДЫ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР ӘДЕТТЕ КӘСІБИ ЕМЕС АДАМНЫҢ ТЕКСЕРІП ҚАРАУЫНА ҚИЫН СОҒАТЫН КҮРДЕЛІ ӨЗІНДІК ЖӘНЕ ҚҰПИЯ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНДЕ ЖАСАЛАДЫ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТҚА ДЕГЕН ШЫНАЙЫ СЕНІМДІ ЖОЙДЫРАДЫ, ОНЫҢ БЕДЕЛІН ТҮСІРЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТЕК ЖАСЫРЫН СИПАТТА ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚОСА КЕЛІСІМДІ ТҮРДЕ ЖАСАЛАДЫ, ҚАҒИДА БОЙЫНША ОЛ ӨЗ АРТЫНАН ШАҒЫМ ТУДЫРМАЙДЫ, ӨЙТКЕНІ КІНӘЛІ ТАРАПТАР ЗАҢСЫЗ ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕДЕН ӨЗАРА ТИІМДІ ПАЙДАҒА ИЕ БОЛАДЫ.



СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕНІМГЕ СЫЗАТ ТҮСІРЕДІ

Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін. Жемқорлықтың тамырына балта шаппаса, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіреді.

Әлем елдерінің тәжірибесіне көз салғанда жемқорлықты жеңудің әртүрлі үлгісі барын байқаймыз. Кеселге қарсы тұрудың арнайы механизмін ойластырған ел сенім, ашықтық, қатаң жазаға басымдық берген екен. Кейбір елдерде кемшілікті болдырмау мақсатында ынталандыру тетіктері де ойластырылған. Дәл осы шарттар біздің елімізде де барынша назарға алынған.

Елімізді озық мемлекеттердің деңгейіне жеткізуді көздейтін мақсатты жолдағы басты кедергілердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Осы орайда мемлекет тарапынан жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді шаралар біртіндеп іске асырылуда. Бұл шаралардың іске асырылуына «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс Республикалық қоғамдық бірлестігі мен «Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі тарапынан да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында айтарлықтай жұмыстар атқарылып, өз үлестерін қосып келеді.

Мәселен, Маңғыстау облысы бойынша емшара кабинеттеріне зерделеу жұмыстарын (мониторинг) жүргізу барысында бірқатар емшара (процедуралық) кабинеттерінің қызметі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды. Атап айтқанда, кейбір медициналық қызмет көрсетуші тұлғалардың тиісті лицензиялары мен маман сертификаттарының болмауы, санитарлық талаптардың сақталмауы, сондай-ақ медициналық қызмет көрсету стандарттарының бұзылу фактілері тіркелді.

Анықталған кемшіліктер тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін екенін көрсетті.

Мониторинг нәтижесінде заңсыз медициналық қызмет көрсету фактілерінің алдын алу және анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасына ақпарат беріліп, заңнамаға сәйкес шаралар алуға хат жолданды.

Осы хат негізінде «Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі тарапынан 11 субъектіге жоспардан тыс тексерістер жүргізіп, медициналық қызметке лицензияның жоқтығы, дәрілік заттардың сақталу режимінің бұзылуы, маман сертификатының жоқтығы т.б. бұзушылықтар анықталып, әкімшілік құқық бұзушылықтар негізінде 1,5 миллион теңгеден астам айыппұл салынды, 7 субъект лицензияға қосымшаларын заңдастырып (реттеп), 18 субъектінің лицензияларын қайтарып алғаны жөнінде ақпарат берді. Қай қызметте болсын, ең алдымен қарапайым халықтың мүддесін ойлау керек. Ал халықтың жанына бататыны күнделікті өмірде белең алып отырған, яғни халық арасында жиі кезігетін жемқорлық. Кейде халықтың мәселелері өз дәрежесінде шешілмеуінен, оларды жеңіл жолмен шешуге мәжбүрлейтінімізді, жемқорлыққа итермелейтінімізді аңғара бермейтінімізде рас. Сондықтан ең бірінші кезекте адамдарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлық түрі еш кедергісіз жүзеге асырылуы қамтамасыз етілуі қажет. Демек, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңда қарастырылғандай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйесінің негізі, әрине алдымен халықтың өмірін жақсартуды көздейтін шаралар мен мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз іс-қимыл болып табылады.

Қорытындылай келе, «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние - байлық не керек, денсаулығың болмаса, төрелігің не керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Дайрабай ҮСІПБАЕВ,
«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ
Маңғыстау филиалының директоры.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

АДАМ.ҚОҒАМ.ЗАҢ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде азаматтарға бағытталған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі айтарлықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделінің негізінде бір жағынан, ел азаматтарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара міндеттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осы бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және оларды көрсету тәртібін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Аталған жұмыстар аясында «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету барысында нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйеде көзделген мүмкіндіктер арасында сәйкессіздік анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 36-тармағында еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсатты кері қайтарып алудың бір ғана негізі көзделген болатын.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қолданылатын «Шетелдік жұмыс күші» ақпараттық жүйесінде рұқсатты кері қайтарып алудың бірнеше негізі қарастырылған. Олардың қатарында уәкілетті органдардың тиісті актісі, жарамсыз құжаттарды ұсыну, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, еңбек шартының бұзылуы, сот шешімі және басқа да жағдайлар қамтылған.

Яғни, нормативтік құжатта көзделген талаптар мен ақпараттық жүйеде қарастырылған мүмкіндіктердің арасында айырмашылық болған. Мұндай сәйкессіздік мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық түсініспеушіліктерге, қызмет көрсету тәртібін әртүрлі түсіндіруге және қызмет алушылардың құқықтарын іске асыру барысында қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Осы мәселені шешу мақсатында Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру бойынша тиісті ұсыныс енгізіп, «Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметінің кіші түрі бойынша Қағидалар талаптары мен ақпараттық жүйедегі мәліметтерді өзара сәйкестендіру қажеттігін ұсынды.

Аталған ұсыныс қолдау тауып, тиісті өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіндегі нормативтік талаптар ақпараттық жүйеде көзделген мүмкіндіктермен сәйкестендірілді.

Енгізілген өзгерістер, ең алдымен, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың жұмысын өзара үйлестіруге және қызмет алушылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйелердің өзара сәйкестігі мемлекеттік қызмет көрсету процесін барынша түсінікті, ашық әрі бірізді етуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтерді жетілдірудің негізгі мақсаты – тек нормативтік талаптарды өзгерту немесе ақпараттық жүйелерді жаңарту ғана емес. Ең бастысы – азаматтар мен өзге де қызмет алушылар үшін мемлекеттік қызметтерді түсінікті, қолжетімді және тиімді ету.

Осы ретте мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы құқықтық нормалар мен цифрлық құралдардың өзара үйлесімді жұмыс істеуі – сапалы мемлекеттік қызмет көрсетудің маңызды негіздерінің бірі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру, құқықтық айқындықты қамтамасыз ету және қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Жастар және мемлекеттік қызмет: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

Жаңа заңда жастардың мемлекеттік қызметке ерте араласуына және кәсіби тұрғыдан қалыптасуына мүмкіндік беретін маңызды тетіктер қарастырылған. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметке қажетті білімі мен дағдысы бар жас мамандарды даярлап, оларды елге қызмет етуге бағыттау.

Мемлекеттік қызметке кәсіби әрі білікті кадрларды тарту мақсатында азаматтарды мемлекеттік қызметке кіруге даярлаудың жаңа жүйесі қарастырылған.

Жүйе екі бағытты қамтиды: төменгі лауазымдарға ерте кәсіптік бағдарлау арқылы даярлау және басшы лауазымдарға даярлау.

Бірінші бағыт бойынша азаматтар бакалавриат бағдарламасында білім ала отырып, мемлекеттік қызметке қажетті кәсіби дағдыларды, құқықтық мәдениетті, қазақстандық патриотизм мен қызметтік әдеп қағидаларын меңгереді. Даярлықты аяқтаған азаматтар оқуын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде конкурссыз жергілікті атқарушы органдардағы төменгі лауазымдарға орналаса алады.

Екінші бағыт басшы кадрларды даярлауға бағытталған. Бұл бағдарлама бойынша азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында магистратурада оқиды. Даярлықты аяқтағандар белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органдарда және жергілікті атқарушы органдарда басшы лауазымдарға орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл ретте білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл ішінде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеу міндеттемесін қабылдайды. Міндеттемелер орындалмаған жағдайда бюджет қаражаты есебінен оқуға жұмсалған шығыстарды өтеу көзделеді.

Жастар үшін заңда мемлекеттік қызметке орналасудың жаңа мүмкіндігі де қарастырылған. Бұған дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес конкурссыз мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі негізінен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алған үздік түлектерге берілсе, қазіргі заң талаптарына сәйкес бұл мүмкіндік кеңейтілді. Енді жоғары оқу орнын ақылы негізде аяқтаған, оқу нәтижесі жоғары және GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен емес үздік түлектер де оқуын аяқтаған күннен бастап бір жыл ішінде еңбек өтілін талап етпейтін аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындала алады.

Бұл өзгерістер жас мамандардың мемлекеттік қызметке келу жолын жеңілдетуге бағытталған. Яғни жоғары оқу орнын жақсы аяқтаған, білімі мен қабілеті бар жастар үшін мемлекеттік қызметке алғашқы қадам жасауға қолайлы жағдай жасалмақ.

Ең бастысы – бұл мүмкіндік жастарға ғана емес, мемлекетке де тиімді. Себебі елдің болашағын ойлайтын, заманауи білімді және кәсіби мамандардың мемлекеттік басқару жүйесіне ерте келуі мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ал осындай бағдарламалар сол жастың өз қабілетін ел игілігіне жұмсауына нақты жол ашады.

Т.ЖҰМАҒҰЛОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТУБЕРКУЛЕЗ

ТУБЕРКУЛЕЗ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ БІРІ. ТУБЕРКУЛЕЗ – БҰЛ ӨКПЕ ЖӘНЕ ЛИМФА ТҮЙІНДЕРДЕ ЕРЕКШЕ ҚАБЫНУ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫМЕН СИПАТТАЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ТУБЕРКУЛЕЗ – БҰЛ ТЕК ӨКПЕ АУРУЫ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР АДАМНЫҢ БАРЛЫҚ АҒЗАЛАРЫНЫҢ – СҮЙЕКТЕРДІҢ, БҮЙРЕКТЕРДІҢ, МИДЫҢ ЖӘНЕ МИ ҚАБЫҚТАРЫНЫҢ, ТЕРІНІҢ, КӨЗДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА АҒЗАЛАРДЫҢ ДА ЗАҚЫМДАНУЫ. АЛАЙДА ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗІ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ.



Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардан сәл ғана дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі. Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Сондықтан науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналасындағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

– толыққанды тамақтанудың болмауы.

– туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).

– маскүнемдік.

– темекі шегу.

– нашақорлық.

– ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері

– ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел

– шаршау және әлсіздік

– дене салмағының төмендеуі

– температураның ұзақ көтерілуі

– түнде тершеңдік

– кеуде қуысындағы ауырсыну

– қан түкіру

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.

2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.

3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың баржоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.

2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары – сүртіну, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар – қант, нан, картоп, жармада.

Г.СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

МӘДЕНИЕТ

ӨНЕРЛІ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

ЖАСТАР КҮНІНЕ ОРАЙ АУЫЛЫМЫЗДА ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН «ONER GEN» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. КЕШ БАРЫСЫНДА ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ТАЛАНТЫН ТАНЫТАТЫН КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА ҰСЫНЫЛДЫ.



Шараның көркін үлгілі «Алтынай» би ансамблінің есептік концерті айшықтай түсті. Жыл бойы шығармашылық ізденіс үстінде жас бишілер сахна төрінде өздерінің дайындаған мың бұралған билерін көрермен назарына ұсынды.

Әсем қимыл мен сахналық шеберлік, үйлесімділік пен ұлттық нақыш үйлесім тапқан қойылымдар көрермен көңілінен шықты. Әрбір биден жас өнерпаздардың еңбегі мен ізденісі анық байқалды.

Ансамбль жетекшісі Назкен Рахатқызының шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, олардың өнерге деген қызығушылығын арттырудағы еңбегі де ерекше аталды. Жас бишілердің шығармашылық қабілетін шыңдап, сахна мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесі көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Шара соңында ансамбль жетекшісі Назкен Рахатқызына мәдениет пен өнер саласына қосқан үлесі, жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға атсалысқаны үшін Алғыс хат табысталды.

Өнерді серік еткен жастардың басын қосқан «Oner Gen» мерекелік шарасы көтеріңкі көңіл күймен қорытындыланды. Сахнаға шыққан әр жас өнерпаздың талпынысы – ұлттық өнерді дәріптеп, оның келешегін қалыптастыруға қосылған өзіндік үлес.

А.МҮКІШ,
Онды ауылдық мәдениет қызметкері.

«МАҢҒЫСТАУДЫҢ ШӘМШІСІ» АТАНҒАН КОМПОЗИТОР МАРАТ ОРДАБАЕВТЫҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «БИІКТІК» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ.

«БИІКТІК» – ӨНЕР МЕН ӨНЕГЕНІ ТОҒЫСТЫРҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

12 тамызда «Адай ата – Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде «Отпан» МКҚК мен Жыңғылды ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, әнші-композитор Марат Ордабаевтың 65 жылдығына арналған «Биіктік» атты еске алу кеші ұйымдастырылды.

Өнер иесінің мерейтойына арналған мазмұнды шара Отпан таудағы «Қарашаңырақ» ғимаратында өтіп, ерекше форматымен көрермен көңілінен шықты. Жанды дауыста, акустикалық бағытта өткен кеште композитордың сырлы әндері орындалып, сазгердің шығармашылық жолы мен өмірінен сыр шертер естеліктер айтылды.

Кешке облысымыздың гитарада ойнайтын өнерпаздары арнайы қатысып, М.Ордабаевтың әндерін өзіндік нақышта орындады. Композитордың әуезді әндерімен қатар, оның шығармаларының шығу тарихы, әр туындының астарындағы сыр мен сезім жайлы әңгімелер айтылып, көрерменге өнер иесінің шығармашылық әлеміне жақынырақ үңілуге мүмкіндік берді.

Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі – М.Ордабаевтың арнайы қонақ болып келген апалары Бақыт пен Айсұлудың сахна төріне шығып, бауырларын еске алып ән орындауы болды. Балалық шақтан бірге өткен күндерді, бауырлар арасындағы сыйластықты еске алған апаларының әңгімесі көпшіліктің көңілін толқытты.

Сазгердің жары Ұлзира да композитордың өнердегі өнегелі жолынан сыр шертіп, оның көптеген әндерінің шығу тарихын баяндады. Әсіресе, елімізге танымал әнші Ақылбек Жеменейдің өнер жолындағы айтулы бір белесіне Марат Ордабаевтың қосқан үлесін атап өтті.

Ұлзираның айтуынша, Ақылбек Жеменей алғаш рет «Әнші балапан» балалар байқауына қатысқан кезде, Марат Ордабаев жас өнерпаздың орындауындағы «Сүгірдің термесін» эстрадалық бағытта дайындап, байқауда бірінші орын алуына себепші болған. Бұл – ұстаздық пен композиторлық шеберліктің, жас талантқа деген жанашырлықтың жарқын үлгісі. Осындай естеліктер арқылы Марат Ордабаевтың тек тамаша композитор ғана емес, жас өнерпаздарға жол сілтеген білікті ұстаз, өнер жанашыры болғаны да айқын сезілді.

Сондай-ақ Жыңғылды ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздарынан құралған ансамбль Марат Ордабаевтың «Ақтауым – ару әз мекен» әнін орындап, кештің шымылдығын жапты.

Кеш соңында ұйымдастырушылар тарапынан қонақтар мен өнерпаздарға естелік сыйлықтар табысталды.

«Биіктік» – бір ғана композитордың мерейтойына арналған кеш емес, өнерді ұлықтаған, өткенді бағалаған, ағайынның басын қосқан, ұрпаққа өнеге болар тағылымды жүздесу болды.

Марат Ордабаевтың артында қалған әндері – оның жүрегінен шыққан сырлы мұрасы. Ал сол әндерді бүгінгі ұрпақтың орындауы – композитор есімінің ел жадында әлі де жаңғырып, өнердегі биігінің аласармайтынының белгісі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС

келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы;
• 2027–2029 ж. арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;
• 2027–2029 ж. арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтері жобасы;
• 2027–2029 ж. арналған қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;
• Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту;
• Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту – суды алдын ала ағызу қондырғысы.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45.029531, 51.376787.

Тыңдаулар 2026 жылы 24 қыркүйекте сағат 15:00-де өтеді.

Өтетін орны: Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі.

ZOOM платформасы: https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1

Конференция идентификаторы: 886 0662 5594

Қолжетімділік коды: 669911

Тұтынушы: «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, БСН 050340002312, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шағынаудан, 8-ғимарат, тел.: 8 (7292) 30-28-76, .

Жобаны әзірлеушілер: «AccuTest» ЖШС, БСН 120840013619 тел./факс: 8 (7292) 20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com.

«Арустамова Е.Р.» ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел.: +7 7701 367 80 71, e-mail: a.ekaterina14@mail.ru

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы: labtest64@gmail.com.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz ЖАО электрондық пошта мекенжайыда қабылданады.

ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ»

сообщает о проведении общественных слушаний по проектам:

• Проект нормативов допустимых выбросов на 2027–2029 гг;
• План природоохранных мероприятий на 2027–2029 гг;
• Программа производственного экологического контроля на 2027–2029 гг;
• Проект нормативов предельно допустимых сбросов на 2027–2029 гг;
• Проект программы управления отходами на 2027–2029 гг;
• Расширение ДНС-1 на месторождении Жалгиз- тобе – установка предварительного сброса воды;
• Модернизация системы сбора нефти от добывающих скважин на месторождении Жалгизтобе.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45.029531, 51.376787

Слушания состоятся: 24 сентября 2026 года в 15:00 часов

Место проведения: Мангистауский район, с. Тущыкудык, Тущыкудыкский сельский Дом культуры.

Платформа ZOOM:
https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1

Идентификатор конференции: 886 0662 5594

Код доступа: 669911

Заказчик: ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ», БИН 050340002312, г.Актау, Мангистауская область, мкр. 19, зд. 8, тел. 8 (7292) 30-28-76; .

Разработчики: ТОО «AccuTest», БИН 120840013619 тел/факс: 8 (7292) 20-31-84, эл. адрес: labtest64@gmail.com;

ИП Арустамова Е.Р. г. Актау, 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71,e-mail: a.ekaterina14@mail.ru.

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: labtest64@gmail.com

Замечания и предложения принимаются на сайте информационной системы https://ndbecology.gov.kz, и по электронной почте МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№350

МҰРАГЕРЛІК

Нотариус Өтетілеуова Гүлнұр Оразбекқызы 2026 жылы 20 ақпанда қайтыс болған **КЕНЖАЛИЕВА МАГРИФА КАИРГАЛИЕВНАның** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық көшесі, 43-ғимарат нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 708 302 36 04

№353

Нотариус Ауданбаева Г. 2026 жылы 19 сәуірде қайтыс болған **КАРАМУРЗИН МУНАЛ ОНДАБАЕВИЧтің** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық ш/а №1 үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№347

Нотариус Ауданбаева Г. 2016 жылы 1 сәуірде қайтыс болған **БОТАБАЕВА АЙБИЛЕК ХАСАНОВНАның** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық ш/а №1 үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№349

Нотариус Ауданбаева Г. 2026 жылы 23 ақпанда қайтыс болған **ҚУАНТҚАНОВ АСЫЛБЕК ҚУАНТҚАНҰЛЫның** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық ш/а №1 үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№342

МЕНШІК ИЕСІ:
МАҢҒЫСТАУ MEDIA ЖШС
Директордың м.а. – Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН
Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru

ЖАҢА ӨМІР
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.
Редактор – А.РАХМЕТОВА

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Беттеуші дизайнерлер: Эльмира СЕЙДАХМЕТОВА, Асем РАБАЕВА.
«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Тапсырыс нөмірі: 182
Таралымы: 343
Индекс: 65612
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

20 тамыз
түнде: +25 | күндіз:+35

21 тамыз
түнде: +24 | күндіз:+32

22 тамыз
түнде: +20 | күндіз:+33

23 тамыз
түнде: +22 | күндіз:+35

24 тамыз
түнде: +24 | күндіз:+37